

Б.А. Жетпісбаева

п.ғ.д., профессор;

Ж.А. Есказинова

Магистрант,

Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ақтөбе/Қазақстан

Зоофразеологизмдердің адам мінез-кұлқын сипаттаудағы этнолингвистикалық ерекшеліктері

Фразеологияның даму тарихына шолу жасайтын болсақ, өзіндік үлес қосқан В.В.Виноградов, Н.М.Шанский, В.Н.Телия, М. Чернышева, М.М.Копыленко, А.В.Кунин, И.В.Арнольд, І.Кеңесбаев, Ә.Т.Қайдар, Б. Манасбаев т.б. сынды ғалымдар атап кетпеуге болмас. Аталмыш ғалымдар мақал-мәтелдерді осы саланың еншісіне тиесілі деп тауып, ғылыми негіздемелерін ұсынды. Академик В.В.Виноградов «К области фразеологических единств относятся и многие фразовые штампы, клише, типичные для разных литературных стилей, и литературные цитаты, и крылатые выражения, и народные пословицы и поговорки», деп фразеологияның зерттеу нысанын нақтыласа [1,133], М.М.Шанский «Фразеология современного русского народа» деген еңбегінде мақал-мәтелдердің фразеология саласына қатыстылығын сөз ете келіп, оларды «фразеологиялық сөйлемшелер» тобында [2,84], ал А.А.Булаховский фразеологиялық оралымдардың құрамында қарауды ұсынды [3,182].

Ағылшын тілінің фразеологиясына қатысты кешенді зерттеулермен, дәйекті тұжырым, пайымдаулармен танымал А.В.Кунин де жоғарыда аталған ғалымдардың көзқарасын ұстанады. Ол «С нашей точки зрения фразеологическими единицами могут быть как словосочетания, так и предложения, включая и пословицы», дейді [4,125]. Алайда, ғалым аталмыш тұрақты тұлғалардың құрылымдық мағыналық ерекшеліктерін негізге ала отырып, оларды «коммуникативтік фразеологиялық бірліктер» деп атап, жеке қарауды ұсынды. Сондай-ақ, автор құрамындағы сынарлары тура мағыналы болып келетін мақалдар тобын яғни, «all is well, that ends well» сөзбе сөз ауд.: сәтті аяқталған істің бәрі жақсы, «Appearances are deceptive» сөзбе сөз ауд.: сыртқы түр алдамшы, «Better late than never» сөзбе сөз ауд.: ештен кеш жақсы тәрізді оралымдарды фразеология аясынан тыс «фразеологиялық емес тұрақты құрылымдар» аясында қарастырды [5, 300].

Осы жоғарыда аталған тұжырымға қарсы пікірді ұстанушы белгілі ғалымдар Н.Н.Амосова, А.М.Бабкин, В.П.Жуков, М.Т.Тагиев, М.А.Филипповская, А.Н.Кожин т.б. Мақал-мәтелдерді фразеология саласынан тыс қарайтын ғалымдардың көпшілігі оларды ауыз әдебиетінің зерттеу нысаны қатарына жақтызады. Ал осы бағыттағы көлемді зерттеулермен танымал ғалым Н.Н.Амосова мақал-мәтелдерді фразеология қорына жатқызуға болмайтынын олардың мазмұны жағынан да, сөйлемде атқаратын қызметі тұрғысынан да фразеологиялық бірліктердің белгілеріне жауап бермейтіндігімен ұштастырады.

Мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері, фразеологизмдер тек қазақ халқының ғана емес сонымен қатар өзге де елдердің бет пердесі. Егер сол пердесін ашатын болсақ үлкен, жана әлі де зерттелмеген халықтың ғажайып бет бейнесі ашылары сөзсіз. Осы мәселемен айналысатын этнолингвистика ғылымы бүгінгі таңда аса маңызды орынға ие. Себебі бұл тілдің халық өміріндегі әрқилы кезендерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын, көңілдегі ойды шебер де ұтымды жеткізетін, қысқа әрі нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұнға бай бөлігі. Демек, халық өмір шындығын, көңілге түйгенін мақал-мәтел ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Аталмыш тілдік бірліктер арқылы жас ұрпақты елін-жерін сүюге, ерінбей еңбек етуге, білім алуға, адал, кішіпейіл болуға т.б. үндеп, жалқаулық, өсек-өтірік, мақтаншақтық тәрізді нашар қасиеттерден бойын аулақ салуға тәрбиелей білген. Осы себептен бұл ғылымның маңызына жылдан жылға үлкен назар аударылып жатыр.

Мақал-мәтелдерді жинақтап, сұрыптап, белгілі бір жүйеге келтіруде, тілдік бірліктер табиғатының кейбір қырларын айқындауда зор еңбек сіңірген ғалым Г.Л.Пермяков: «Пословицы могут быть объектом исследования в одинаковой мере и лингвиста и литературоведа с различных точек зрения» дей келе, аталмыш тұрақты тұлғалардың тілші ғалымдар тарапынан да, әдебиетші мамандар тарапынан да зерттелуі қажеттігін ескертеді.

Біздің ойымызша, осы келтірілген ой-пікірлерге және өзіндік зерттеу нәтижелеріне сүйеніп айтатын болсақ, мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің тұрақтылығы, мағына тұтастығы, сөз арасында тұрақты тіркес ретінде қолданылуына қарағанда фразеологизмдер қатарына жатқызуға әбден болатынының дәлелі.

Бұл мақал-мәтелдердің тарихи жолы мындаған жылдарға созылып жатыр. Сайрап жатқан жылдар тәжірибесінен, өмірлік сипатынан алынған бұл «өмір үзінділерін» мазмұнына және мағынасына қарай зерделеп зерттеу оңай жұмыс емес. Себебі фразеологияның бұл нысаны аса көп қырлы.

Халық мақалдарының тақырыбы өте көп. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерді мағыналары жағынан бірнеше топтарға жіктеуге болады. Мақал-мәтелдерді топтастыруда дәстүрлі ұстанымдарды негізге ала отырып, олар төмендегідей топтар бойынша сараланады:

1. Адам туралы мақал-мәтелдер
2. Үй-жай, отбасы туралы мақал-мәтелдер
3. Гендерлік қатынас туралы мақал-мәтелдер
4. Еңбек туралы мақал-мәтелдер
5. Ақша қаражат туралы мақал-мәтелдер
6. Қонақ туралы мақал-мәтелдер
7. Тіл туралы мақал-мәтелдер
8. Өнер-білім туралы мақал-мәтелдер
9. Табиғат және жан-жануарлар туралы мақал-мәтелдер

Солардың ішінде ең күрделі саласы - жан-жануарлар туралы бөлімі бізді аса қызықтырды. Біздің жұмыста жан-жануарларға қатысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық астарын ашу негізгі мақсатқа айналды.

Адамның мінез-құлқын жан-жануарларға байланысты сипаттау қазақ және ағылшын тіліндегі аса белең алған жайт. Бұл тақырыптағы мақалдардың негізіне адамның жағымды-жағымсыз қасиеттері аталған мәселелер жөніндегі даналық көзқарасы, өмір тәжірибесінен алып, білгірлікпен жасаған қорытындысы жатады. Тұрмыс талқысынан туып, әрбір тарихи кезеңнің сындарынан өткен ерекшеліктерін мақал арқылы көрсетпек болады.

Қазақ фразеология саласының негізін салушы ғалым І.К. Кеңесбаевтың "ұйытқы сөздердің табиғатын, себеп-салдарын, тематикалық топтарын, оз алдына дара тексерудің мәні зор" деген пікірін ескере отырып, біз мақал-мәтелдерде жиі қолданылатын ұйытқы сөздердің топтастырылған қатарына көз жіберуді дұрыс көрдік:

Қазақ тілінде тұрақты тіркестің калыптасуына негіз болған ұйытқы сөздер қатарына - жылқы, айғыр, арғымақ, тай, бесті, бие, құлын, жабы, тұлпар, жүйрік, жорға, нар, түйе, атан, інген, тайлақ, бота, бура, желмая, мая, қой, қозы, қошқар, тоқты, лақ, ешкі, теке, серке, сиыр, бұзау, өгіз, бұқа, тана, шошқа, доңыз, қабан, есек, қодық, мысық, ит, күшік, тазы, төбет, қанден, мал атауларын жатқызамыз.

Ағылшын тілінде: animals, ass, bitch, bloodhound, calf, cat, cock-horse, colt, coon-dog, con, cow, dog, donkey, ewe, fore-horse, goat, hog, horse, hound, kid, kitten, lamb, mare, mouse, mule, mutton, nag, ox, pig, pup, puss, rabbit, ram, rat, sow, spaniel, stud, swine. Мысалы: as strong as a bull; like a cat that stole the cream.

Ағылшын тілінде: bird, fowl, game-bird, game-cock, buzzard, chicken, cock, coot, crow, dove, drake, duck, eagle, finch, gander, gosling, goose, gull, halcyon, hawk, hen, heron, jackdaw, lark, mare, nightingale, ostrich, owl, parrot, peacock, pheasant, pigeon, raven, robin, sparrow, swan, turkey, vulture.

Жабайы аңдар атаулары негізінде:

Қазақ тілінде: арыстан, жолбарыс, барыс, қасқыр, аю, түлкі, тышқан, қоян, борсық, күзен, суыр, құндыз, бұлғын, жанат, тиін, марал, елік, киік, құлан, бөкен, арқар, теке, піл, маймыл, аң, айуан, хайуан, тағы басқалары.

Ағылшын тілінде: *beast, ape, badger, bat, bear, beaver, buck, buffalo, camel, coon, cub, deer, elephant, ermine, fox, hare, hyena, leopard, weasel, jackal, jackass, kangaroo, Hon, mole, monkey, pony, possum, squirrel, stag, tiger, wolf* тағы басқалары.

Құс атауларынан жасалған:

Қазақ тілінде: қыран, сұңқар, ақ иық, бүркіт, тас түлек, қаршыға, лашын, ителгі, қырғи, тұрымтай, аққу, қу, тоты, қаз, кептер, қарлығаш, шағала, үкі, бұлбұл, сандуғаш, қарға, кара құс, құзғын, жапалақ, торғай, үйрек, тырна, қызғыш, шіл, дуадақ, құр, қасқалдақ, бөдене, тауық, құс, балапан.

Адамдардың мінез-құлқын фразеологиялық тіркестер арқылы астарлап білдіру қазақ және ағылшын тілдерінде аса белең алған мәселе. Екі тілдің де өзіндік ерекшеліктерін байқауға болады. Егер қазақ тілінде барлық салыстыру бейнесі негізінде көбіне үй жануарларының, адамның күнделікті өмір сүруде қолданатын заттардың, халықтың дүниетанымының ерекшелігін білдіретін табиғи құбылыстардың атаулары қолданылса, ағылшын тілінде жабайы аңдар және құс атаулары, ағылшындардың кәсібі мен шаруашылығына байланысты аң аулау, теңізде жүзу, балық аулауға қатысты заттар мен құбылыстардың атаулары алынады. Адам ұлтына, жағрапиялық орналасуына, кәсібі мен шаруашылығының ұқсас болмауына қарамастан қоршаған ортаны негізінен бірдей қабылдайды, бірақ әр тілде ол сол халықтың тұрған ортасына, табиғатына т.б. байланысты әр түрлі тілдік белгілер арқылы көрініс табады.

Мысалы, *ашулы* деген ұғымды қазақ тілінде *арыстанға, құтырған бураға, жын бұған бақсыға* теңеп айтса, ағылшын тілінде *күйеуі тастап кеткен әйелге, аюға, бұрқылдап қайнаған суға* теңейді.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктердің негізгі айырмашылығы салыстыру эталонынан көрінеді. Мысалы, жануарлар атауларына байланысты, егер бір халық теңеу эталоны ретінде жануардың бір қасиетін алса, екінші халық оның басқа қасиетін негіз қылып алады. Егер *жылан* атауы ағылшын тілінде даналықтың символы ретінде қолданылса, қазақ тілінде ол қауіп-қатер мен қастықтың эталоны. Сол сияқты, құрамында *қой, ит* т.б. жануарлар атаулары қолданылған фразеологизмдердің де мағыналары екі тілде сәйкес келе бермейді. Дегенмен, екі тілде теңеу эталонының ұқсас жақтары да кездеседі: *fox* – түлкі қулықтың, *lamb* – қозы жуастықтың, *bull* – бұқа ашу-ызалықтың, *hare* – қоян қорқақтықтың эталоны ретінде екі тілде де қолданылатынын көреміз. Мысалы: *as cunning as a fox* = түлкідей қу, *as timid as a hare* = қояндай қорқақ, *as mild as a lamb* = қозыдай жуас.

Ерте кезден-ақ қазақ және ағылшын әдебиеттері мен ертегілерінде адамның мінез-құлқының жағымсыз қасиеттерін, қулығын, арамдығын көрсету үшін түлкі мен мысықты негізге ала отырып сипаттаған. Бұндай салыстырулар әлі де жалғасын тауып, халық арасында, ауызекі тілінде қолданылып келеді. Ағыл: *as cunning (nemese sly) as a fox* = қаз. *түлкідей қу, look like the cat after it had eaten (nemese who swallowed) the canary* «жақсы көңіл күйде болу, жарқырап тұру». қаз. *мысықтай алдау*[6; 213]

Екі тілде де адамның қоянға тән қорқақтық, төзімділік пен шыдамдылық қасиеттерін келесі мысалдан байқауға болады: ағыл: *as scared as a rabbit* «қорыққаны соншалық, есінен танып кетті»; *as timid as a hare* «қоян сияқты қорқақ». Қаз: *ит көрген қояндай зымырау* «пуститься со всех ног», *қоян жүрек* «заячье сердце».[7; 96]

Әр елдің өзіне тән сынау мен сипаттамалары болады, оның өзі бірталай тарихи деректерге жүгінуге әкеп соғады. Кейбір елдерде қазақ халқына тән сын есімдер кездеспейді немесе мүлдем жоқ, басқа елге тән қасиеттер біздің мәдениетімізге жат болып көрінеді. Мысалға алатын болсақ, қазақ тілінде "ақ көңіл" – адамның мейірімді, алақаны ашық, қарапайымды, т.б. екенін ашады, ағылшын тілінде "kind" – адамның ақ көңіл екенін білдіреді, орыс тілінде "добрый" – адамның ақ көңіл екенін бейнелейді, ал неміс тілінде "ақ көңіл", "добрый", "kind" сөздеріне сөздікте ешқандай балама жоқ. Сонда ол ненің белгісі? Бұл сұрақтың жауабы, халыққа тән, сол халықтың әр адамына тән қасиеттер, оларды сөйлеу мәдениеті мен тілінде

колданылуы. Демек, неміс халқына ақ көңілділік қасиеті бар болса да, аз деген пікірге тоқталамыз.

Қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де адамның мінез-құлқын сипаттауда ат салысатын кейбір сын есімдердің түрлері берілген. Олар жалпы лингвистика, оның ішінде этнолингвистика және мәдениеттану тұрғысынан зерттелген.

Қазақ және ағылшын тілдерінде осы сияқты басқа да көзге көріне бермейтін ерекшеліктері баршылық. Екі тілдегі фразеологиялық теңеулердің пайда болуы әр халықтың тарихымен, заттық және рухани мәдениетімен, өмір-тіршілігімен тығыз байланысты. Олардың мағыналарын, тарихи-этимологиялық көздерін лингвомәдени және лингвокогнитивтік талдау жүргізу арқылы ғана ашуға болады.

Зоофразеологизмдерді, атап айтқанда фразеологиялық теңеулерді тек тұлғалық (формалық) жағынан ғана емес, сонымен қатар оларды мағыналық, ұғымдық, концептілік тұрғыдан зерттеу арқылы халықтардың ұлттық болмысын, дүниетанымын, рухани байлығын, мәдениетін айқындап, оларды келер ұрпаққа жетуіне жағдай жасалады. Ал туыстас немесе туыстығы жоқ тілдердегі фразеологизмдерді лингвомәдени және лингвокогнитивтік тұрғыдан салыстыра-салғастыра зерттеу арқылы олардың тілдердегі ұқсастығы мен ерекшеліктерін ашу осы замандағы жаһандану үрдісіне байланысты мәдениетаралық қарым-қатынас үшін де маңызы зор болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. М., 1967. Том 1. Том 2.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. / Ысқақов А.Ы. , Алматы, 1986.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. / Қалиев Б.Қ. , Алматы: Ғылым, 1979.
5. Кожаметова Х.К., Жайсақова Р.Е., Кожаметова Ш.О. Казахско-русский фразеологический словарь. – Алма-Ата, Мектеп, 1988. - 24 с.
6. Тулеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности у казахов: XIX начало XX в. — Алма-Ата: Ғылым, 1991. — 213 с.
7. Киктева Е.М. История развития фразеологии новоанглийского периода. — Воронеж: Изд-во ВГУ, 1992. — 96 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются этнолингвистические особенности характера человека на базе двух языков: английский и казахский. Зоофразеологизмы, связанные с животными и прилагательными в сравнении характера человека, дают полную возможность узнать историю двух культур.

Resume

The article considers to the problem of ethnolinguistic peculiarities of human character on the base of Kazakh and English languages. The human character in comparison with zoophraseological units as animals, adjectives was described in detail.

Özet

Makale iki dilde, Kazakça ve İngilizce konuşan insanların etnik-dilsel özellikleri söz konusu oluyor.